МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШОҒЫ МҰНАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
№5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№5 ИМЕНИ ШОҒЫ МҰНАЛҰЛЫ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

04.09.2025ж № 103-НҰ

Маңғыстау ауылы

село Мангыстау

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығын, балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2025 жылғы 21 мамырдағы №117 бұйрығын, «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсанындағы №506 бұйрықтарын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушылардың, ата-аналардың және педагогтердің психикалық және психологиялық денсаулығын сақтауға жағдай жасау, білім беру ұйымдарында қолайлы психологиялық ахуал жасау және оқу-тәрбиелеу үдерісіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын ұйымдастыру мақсатында бекітілсін.

1.1. «Шоғы Мұналұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары (қосымша-1).

1.2. «Шоғы Мұналұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің психологиялық- педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының құрамы (қосымша-2).

1.3. «Шоғы Мұналұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының біріккен жұмыс жоспары (қосымша-3).

2. Мектепішілік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жоспары бойынша атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат білім бөліміне өз кезегінде уақытылы жолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары Т.Бустановаға, Г.Рахметоваға жүктелсін.

007163

Мектеп директоры **Ж.Бөкен**

«Шоғы Мұңалұлы атындағы
№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ
«04» 09 2025 жылғы
№ 103-ИД бұйрығына
қосымша-1

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары

1-тарау.
Жалпы ережелер

1. Осы «Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 36) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (бұдан әрі - ППҚҚ) жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) білім алу үшін арнаулы жағдайлар - ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық - педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

2) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) - тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау;

4) психологиялық - педагогикалық қолдап отыру - білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық - педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі - ұйымдастырылған қызмет.

3. ППҚҚ-ның қызметі мынадай деңгейлерде ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейінде - әрбір білім алушыны оқу іс-әрекетіне бейімдеу, әлеуметтендіру және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу ұмтылысын, өздігінен жұмыс істеуін және өзін-өзі реттеуді дамытуда білім алушыларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) қолдау көрсету;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде - оқытудың жаңа жағдайларына бейімдеу, білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру

қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) белсенді танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге және әлеуметтенуге төзімділікті қалыптастыру;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде - білім алушыға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) тұлғалық бірегейлікке, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, тұрақты дүниетанымды қалыптастыруға және әлеуметтендіруге жәрдемдесу;

4) техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру деңгейінде - білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқыту және кәсіп алу және әлеуметтендіру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау

4. ППҚҚ білім беру ұйымының білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру:

- қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) психологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың оқу ұмтылысын, үлгерімін, шығармашылық өзін-өзі іске асыруын, кәсіби бағдарын қалыптастыруға, білім беру процесінің қатысушыларын психологиялық - педагогикалық сүйемелдеуге жауапты алқалы органы болып табылады.

- ***білім беру ұйымының басшысы бекітетін ППҚҚ құрамына басшылардың орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер, педагог-кәсіби бағдар берушілер кіреді.***

- ***ППҚҚ қызметін білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары үйлестіреді.***

- білім беру ұйымының әкімшілігі, ППҚҚ мамандары, сондай-ақ барлық мамандықтардың пән мұғалімдері "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) бекітілген, лауазымдық міндеттеріне сәйкес білім алушыларды психологиялық - педагогикалық қолдау процесіне қатысады.

- құрылымы, мамандардың құрамы, жылдық жұмыс жоспары білім беру ұйымдарының типімен, түрімен және міндеттерімен айқындалады.

5. ППҚҚ қызметі:

1) кәсіби әдепті сақтау;

2) білім алушылардың жеке басына эмпатия және құрмет көрсету;

3) білім алушының жеке, жас ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері;

4) психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялау, педагогикалық психология негіздерін қолдану;

5) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығы;

6) білім алушылардың денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызбау;

7) білім алушыларды білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдаудың ғылымилығы, кешенділігі, бірізділігі, кезенділігі және үздіксіздігі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

2-тарау.
Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу тәртібі

6. ППҚҚ мамандарының қызметі диагностикалық, консультативтік, дамыту (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттарды қамтиды:

1) диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесіндегі, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындаудағы әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауды, сондай-ақ оқудағы, дамудағы, әлеуметтенудегі қиындықтардың себептерін анықтауды көздейді;

2) консультативтік бағыт білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде; тұлғалық ерекшеліктерді өзектендіруде көмек көрсету нысанында жеке және топтық қызметті; жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеруге жәрдемдесуді; жаңа көзқарастарды қалыптастыруға және өз шешімдерін қабылдауға көмектесуді; тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытудағы қиындықтарға байланысты әртүрлі психологиялық проблемаларды шешуді; ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде көмек көрсетуді қарастырады;

3) дамытушылық (түзету) бағыт білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен (балалармен) білім беру кеңістігін қалыптастыру, оқуға ынталандыру, сондай-ақ білімді, іскерлікті және дағдыларды, оларды тәрбиелеу-білім беру, оқу және танымдық қызметте игеру және таныту мүмкіндіктері мен тәсілдерін дамыту бойынша жеке, кіші топтық, топтық жұмыс жүргізуді көздейді.

ППҚҚ мамандарының (педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер) кешенді өзара іс-қимылы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау барысында анықталған білім алушыларды тәрбиелеудегі, оқытудағы және мінез-құлқындағы қиындықтарды анықтау және еңсеру бойынша педагогтердің жұмысын ұйымдастыруды қамтиды;

4) психологиялық-педагогикалық ағарту білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың), *педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді;*

педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге қажеттілігін қалыптастыруға және оларды білім алушылардың оқуындағы, тәрбиесі мен дамуындағы қиындықтарды болдырмау үшін пайдалануға деген ұмтылысын қалыптастыруға жәрдемдесуді көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, педагогтер мен ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге арналған интерактивті әдістер мен дәрістер);

5) ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізуді, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдауды және оны қолдау бойынша ұсынымдар әзірлеуді, білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) қолдауда пәнаралық тәсілді әзірлеуді; білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдаудағы озық инновациялық технологияларды зерделеу, білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыруды және өткізуді көздейді.

7. Психологиялық-педагогикалық қолдау мыналарды қамтиды:

1) білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқытудағы, тәрбиелеудегі және дамытудағы қиындықтарды анықтау және ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау;

2) педагогтерге және білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) отбасыларына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;

3) білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

8. Психологиялық-педагогикалық қолдау білім алушылар, оның ішінде мынадай ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін жүзеге асырылады:

1) мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары бар;

2) әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік және мәдени сипаттағы кедергілері бар;

3) мүмкіндіктері шектеулі.

9. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу Заңының 5-бабының 72) тармақшасына сәйкес әзірленген ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларының негізінде:

1) сынып деңгейінде педагогтердің білім алушыларға қатысты оқытуда жеке және сараланған тәсілдерді қолдануы арқылы;

2) білім беру ұйымының ППҚҚ мамандары деңгейінде жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын қолдана отырып;

3) білім беру ұйымы деңгейінде бейінді мамандар (сурдопедагог, тифлопедагог) тартыла отырып, сондай-ақ мүдделі органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасала отырып жүзеге асырылады.

10. Психологиялық-педагогикалық қолдауды:

1) білім алушылар, оның ішінде осы Қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін оқыту/сабақ беру, факультативтер, пәндік үйірмелер және пәндер бойынша қосымша сабақтар процесінде педагогтер, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер;

2) мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін оқыту/сабақ беру, факультативтер, пәндік үйірмелер және пәндер бойынша қосымша сабақтар процесінде педагогтер, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі - ПМПК) ұсынымдары негізінде арнайы педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер жүзеге асырады.

11. Білім алушылармен, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен (балалармен) психологиялық диагностика, консультация және тренингтер (топтық, жеке) "Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) сәйкес ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің жазбаша келісімімен өткізіледі.

Білім алушының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуін жүргізуге ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

12. Осы қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны қолайсыз факторлардың әсерін азайтуға, оқу жетістіктерін жақсартуға, жеке және әлеуметтік дағдыларды дамытуға, сондай-ақ әлеуметтенуге жәрдемдесуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды:

1) оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын өзгертусіз тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді іске асыру;

2) үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен қосымша сабақтарды ұйымдастыру (тілдік және мәдени кедергілерді еңсеруге бағытталған сабақтарды қоспағанда);

3) педагог-психологпен, әлеуметтік педагогпен жеке жұмыс;

4) кәсіби бағдар беру жұмысы;

5) әлеуметтік көмек көрсету;

6) тынығу іс-шараларын ұйымдастыру;

7) ата-аналармен немесе өзге де заңды өкілдермен жұмыс жүргізу.

13. Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мынадай әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтиды:

1) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеу, жеке даму бағдарламаларын, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау;

2) тәрбие мен оқыту нәтижелерін (білім алушының жетістігі) бағалау тәсілдерін өзгерту. Бағалау тәсілдері өзгерген кезде бақылау тапсырмалары мен бағалау өлшемшарттары білім алушының жеке мүмкіндіктері мен іске асырылатын оқу бағдарламасының мазмұны ескеріле отырып таңдалады;

3) вариативтік, арнайы және баламалы тәрбиелеу және оқыту әдістерін қолдану.

Тәрбиелеу және оқыту әдістерін қолдану нысаны немесе әдісі білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімделеді (тапсырмалардың көлемін және санын азайту, тапсырмаларды орындау уақытын қысқарту немесе ұлғайту, оқу тапсырмаларын жеңілдету, қысқа және қадамдық нұсқауларды қолдану, тапсырмаларды дауыстап айту, тапсырма үлгілерін, кестелерді, анықтамалық материалдарды ұсыну).

Тәрбиелеу мен оқытудың баламалы әдістері мен технологияларын педагог-психологтар мен арнайы педагогтер жекелеген психикалық функциялардың (қабылдау, жады, назар) бұзылуынан туындаған ерекше оқу қиындықтары бар білім алушылармен жеке дамытушы жұмыс жүргізу барысында қолданады;

4) оқулықтарды, оқу құралдарын таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау. Көру қабілеті (үлкейтілген қаріпті кітаптар, Брайль қарпімен басылған зағиптарға арналған оқу құралдары; бедерлі суреттер, сызбалар, арнайы муляждар), тірек-қимыл аппараты (ірі қаріптермен жазылған жазбалар), есту қабілеті (символдарды пайдаланатын оқу құралдары (ыммен сөйлеу), титрі бар бейнематериалдар; оқу компьютерлік бағдарламалар), зияты бұзылған балаларға арналған арнайы оқулықтар, жұмыс дәптерлері және оқу материалдары (тиісті үлгідегі арнайы мектептер үшін шығарылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер);

5) мүмкіндіктері шектеулі: қозғалысы шектелген (мектепке тасымалдау, пандустар, қоршаулар, көтергіштер, лифт, арнайы жабдықталған орын (үстел, орындық), жалпы пайдалану орны (дәретхана, асхана), көру қабілеті нашар (соқырлар, нашар көретіндер) (тактильді жолдар, тактильді көрсеткіштер, қоршаулар), есту қабілеті нашар (көру кестелері, дыбыс күшейтетін жабдық) балалардың білім беру ұйымына физикалық қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін кедергісіз орта құру және оқыту орнын бейімдеу.

Оқитын орынды бейімдеу мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке ерекшеліктертеріне (дене ерекшеліктері (есту, көру), мінез-құлық ерекшеліктері) байланысты оқу ортасын бейімдеуді көздейді;

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 Бұйрық) бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жабдықтар мен жиһаздарды пайдалану;

7) ПМПК қорытындысы мен ұсынымы негізінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау (педагог-психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент)

14. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау екі кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең:

Жалпы білім беру ұйымының басшысы ППҚҚ құру туралы бұйрық шығарады және оның құрамын бекітеді.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және психологиялық-педагогикалық қолдау процесінде педагогтердің, мамандардың және ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің өзара іс-қимылын реттейді, психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын мамандардың құжаттамаларын жинау мен қалыптастыруды бақылайды.

Сынып жетекшілері педагогтер мен ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің өзара іс-қимылын ұйымдастырады, білім беру ұйымының әлеуметтік педагогімен бірге баланың дамуының әлеуметтік жағдайын зерделейді, сабақта және сабақтан тыс уақытта қолайлы эмоционалдық-психологиялық ахуал қалыптастыру үшін жағдай жасайды.

Білім беру ұйымының педагогтері білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке қабілеттерін, мүдделерін, бейімділігі мен қажеттіліктерін зерделейді, оқу бағдарламаларын меңгерудегі қиындықтарын анықтау мақсатында оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізеді, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес береді, білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктеріне қатысты кәсіби этика мен құпиялылықты сақтайды, қажет болған жағдайда, кеңес алу үшін психологтарға, әлеуметтік педагогтерге немесе білім беру ұйымының арнайы педагогтеріне жүгінеді.

Педагог-психологтар білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және жеке-дамыту бағдарламаларын әзірлейді, консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді, білім беру іс-әрекетіндегі қиындықтарға байланысты психологиялық проблемаларды шешуде білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға

немесе өзге де заңды өкілдерге консультациялық көмек және психологиялық қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік педагогтер білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) мүдделері мен қажеттіліктерін анықтайды, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдайды, білім алушыларды білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ететін тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады.

Екінші кезең:

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру ұйымының басшысы зияты зақымдалған балаларға арналған жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (адамдарға) балаларға арналған жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын, психологиялық-педагогикалық қолдау үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар (адамдардың) балалардың тізімін қамтитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар (адамдарды) балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке даму бағдарламаларын бекітеді.

Білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық қолдау процесін ұйымдастырады және бақылайды, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын жасауға, қолдау нәтижелерін, білім алушының оқу жетістіктерін талқылауға қатысады, мүмкіндіктері шектеулі балаларды сыныптан тыс және бос уақыттағы іс-шараларға қосады.

Білім беру ұйымының педагогтері оқу бағдарламаларын бейімдеуді орындайды, білімдегі, іскерліктегі, дағдылардағы олқылықтарды толтыра отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) оқыту және жетістіктерін бағалау процесін даралайды, оқулықтарды, оқу материалдарын таңдайды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) физикалық, психикалық саулығы мен адамгершілік саламаттылығын сақтау мақсатында оқуда/сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда эмоционалдық жайлы ахуал құрады.

Арнайы педагогтер білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады, жеке оқу, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және мүмкіндіктері шектеулі балалармен жеке, кіші топтық, топтық сабақтар өткізеді, педагогтерге, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша кеңес береді.

Педагог-ассистенттер мүмкіндігі шектеулі балаларға дербес оқу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастырғанға дейін білім беру процесінде жеке қолдау көрсетеді, білім беру қажеттіліктерін бағалауға, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, сондай-ақ жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын құрастыруға қатысады.

Педагог-ассистенттің жеке қолдауы ПМПК ұсынымдары негізінде жүзеге асырылады.

ППҚҚ отырысының шешімімен педагог-ассистент бір тоқсанға тағайындалады. Педагог-ассистент көмегінің одан әрі қажеттілігін ПМПК айқындайды.

15. ППҚҚ шешімі бойынша білім беру ұйымының әкімшілігі: білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) сондай-ақ олардың ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін терең психологиялық-педагогикалық қолдау үшін білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар жанындағы Психологиялық қолдау орталықтарына жібереді.

16. Кіші топтық (2-4 бала), топтық (6-8 бала) сабақтарды өткізу үшін арнайы педагогтер: мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамуындағы бұзушылықтардың бірегейлігі қағидаты бойынша біріктіреді. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін аптадағы жеке, кіші топтық, топтық сабақтардың саны олардың жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып белгіленеді.

17. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған жеке, кіші топтық және топтық сабақтар "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес түзету компоненті шеңберінде арнайы педагогтер әзірлеген түзету-дамыту бағдарламалары негізінде жүргізіледі.

Білім алушыларға, оның ішінде осы Қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға (балаларға) арналған жеке, кіші топтық және топтық сабақтар ППҚҚ мамандары әзірлеген жеке-дамыту бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға кіші топтық және топтық сабақтың ұзақтығы 35-тен 45 минутқа дейінгі уақытты, мектеп жасындағыларға 45 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға жеке сабақтардың ұзақтығы 20 минутты, мектеп жасындағы балаларға 30 минутты құрайды.

18. ППҚҚ мамандары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдармен (балалармен) жеке, кіші топтық, топтық сабақтарды өткізу үшін №70 Бұйрыққа сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған кабинеттер көзделеді.

19. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен көлемі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың негізінде айқындалады.

20. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық қолдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

21. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау барысында 1 (бір) арнайы педагогке мүмкіндігі шектеулі балалардың саны 12-14 баладан аспайды.

Педагог-ассистент баланың оқу жүктемесін ескере отырып, 1 (бір) білім алушыны жеке сүйемелдеуді жүзеге асырады.

22. Арнайы білім беру ұйымдары жалпы білім беру ұйымдарының педагогтеріне мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсетеді.

23. ППҚҚ мамандары жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) анықталған.

ППҚҚ қызметі білім беру ұйымының оқу-тәрбие жұмысының жоспарында көрініс табады.

«Шоғы Мұңалұлы атындағы
№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ
«04» 09 2025 жылғы
№103-НҚ бұйрығына
қосымша-2

«Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің құрамы

№	Аты - жөні	Лауазымы
1	Бустанова Тазагул Абыдқызы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
2	Рахметова Гулфариза Қайратқызы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
3	Исмагулова Айжамал Аразмаганбетқызы	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
4	Джайлханова Анар Нугаевна	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
5	Смадияр Арайлым Асқарқызы	Педагог - психолог
6	Садыбекова Гулнур Копболсунқызы	Педагог - логопед
7	Алмухашова Жансая Құралқызы	Кәсіптік бағдар беруші
8	Текисбаев Кенесары Усенович	Кәсіптік бағдар беруші
9	Атадусова Ақзия Амангелдиевна	Мектеп медбикесі
10	Саметов Ерлан	Мектеп инспекторы

«Шоғы Мұңалұлы атындағы
№5 жалпы білім беретін мектеп» КММ
«04» 09 2025 жылғы
№ 103-НҚ бұйрығына
қосымша-3

«Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының біріккен жұмыс жоспары

Р.с	Іс-шараның атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Білім беру ұйымының педагогикалық-психологиялық қызметтің жұмыс жоспарына сәйкес сыныптағы ерекше назарды қажет ететін оқушылар туралы мәліметтер базасын жасақтау (өгей ата-анамен тұратын балалар, ажырасқан отбасы балалары, отбасылық қиындықтары бар балалар т.б.)	Тамыз-қаңтар	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер
2	«Сенім телефоны», «Сенім жәшігі» қызметін жүргізу	Жыл бойы	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Медбике
3	Білім алушылар мен олардың заңды өкілдерінің, педагогтердің жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және жәбірлеудің (буллингтің)алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары.	Қыркүйек	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
4	«Досболlike» аясы «Менің жан досым» тренинг 5-6 сынып	қыркүйек	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог
5	«Қазіргі қоғамның мәселелері және оны шешу жолдары» тақырыбында brainstorm	Қазан	"Қазіргі қоғамның мәселелері және оны шешу жолдары" тақырыбында brainstorm
6	«10-қазан Дүниежүзілік психикалық денсаулық күні» апталық Интеграциялық сабақтар «Біз буллингке қарсымыз» «Психикалық денсаулықтың 10 құпиясы?» ата - аналар	Қазан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Мектеп инспекторы

	«Денсаулық - жан саулығының кепілі» дәріс сабақ		Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы
7	«Қызға қырық үйден тию, қала берді қара күннен тию» тақырыбында дөңгелек үстел	Қараша	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
8	1. «Досболlike» аясы Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ (физикалық, булингтік әрекеттер) сынып жетекшілер 7-8 сыныптар 2. «Лудомания деген не?» дөңгелек үстел 5-7 сыныптар 3. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, физикалық, психикалық денсаулықты нығайту (Қауіп-қатер тобы анықталған оқушылармен іс-шаралар) 6-8 сыныптар	Қараша	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы
9	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Кім болғым келеді?» бастауыш сынып оқушыларын мамандыққа баулу жұмыстарын ұйымдастыру, тренинг өткізу	Қараша	Кәсіптік бағдар берушілер
10	**Құмарлықтан арылу** а) «Электронды темекі/ вейп және темекі өнімдерін пайдаланудың алдын алу» (сынып сағаттары, тренинг, тәрбиелік іс-шаралар) ә) Нашақорлық және уытқұмарлықтың алдын алу «Мен өмірді таңдаймын» «Салауатты өмір салты» «Өз өмірім – өз қолымда» т.б. тақырыптарында сынып сағаттар, көрмелер, брошюралар жасақтау, тренингтер б) Интернет тәуелділік немесе ойынқұмарлықтан арылу «Менің әлемім», «Ойынқұмарлық-заман дерті» т.б тақырыптарда іс-шаралар ұйымдастыру	Желтоқсан Қаңтар Ақпан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Сынып жетекшілер Кәсіптік бағдар берушілер Мектеп медбикесі Мектеп инспекторы
11	Сабақтан көп қалатын қыз балалардың мониторингісін шығару және талдау жасау	Қаңтар	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
12	«Досболlike» аясы «Достық» аялдамасы	Қаңтар	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі

			орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
13	Баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпаратты қабылдау және баланы жәбірлеу (буллинг) белгілерін анықтау және оларға ден қоб тәртібімен сынып жетекшілерді таныстыру	Ақпан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
14	**«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық »** ата-аналар	Ақпан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог
15	**«13-те Отау иесі»** ерте тұрмыс құру, ерте жүктілік	Ақпан	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі
16	Білім алушыларға лудомания туралы бейне фильмдер көрсету және топтық талқылаулар ұйымдастыру	Наурыз	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
17	«Досболlike» аясы «Буллингтің зардабы» 5-8 сыныптар	Наурыз	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
18	Жеке және топтық әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізу *(қыздар мен ұлдармен жұмыстар)*	Үнемі	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог Медбике
19	«Қыз тәрбиесі тал бесіктен» Ұл тәрбиесі жауапты іс (ерте жүктіліктің алдын алу) қыздармен жұмыс	Сәуір	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі Педаго-психолог
20	«Зиянды әдеттерден аулақ бол!» 3-4 сыныптар	Мамыр	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Педагог-психолог Әлеуметтік педагог
21	Жылдық қорытынды, БАҚ жариялау	Маусым	ППҚ мамандары